

👂 1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

бой

салмақ

дене қызуы

қан қысымы

есепте тұру

өлшеу

тіркелу

тексеру

📖 2. Сөз орамдарын оқыңыз, есте сақтаңыз.

1. Есепте тұрсыз ба?

2. Созылмалы ауруларыңыз бар ма?

3. Мекенжайыңыз қандай?

4. Тұрақты қан қысымыңыз қанша?

5. Салмағыңыз қанша?

6. Бойыңыз қанша?

7. Дене қызуыңыз бар ма?

8. Қандай шағымыңыз бар?



👤 3. Сұқбатты оқыңыз.

1 Қайда тұрасыз?

2 Бұқар жырау көшесі,
10-үйде тұрамын.

3 Есепте тұрсыз ба?

4 Иә/жоқ.

6 Қан қысымым
90/60.5 Қан қысымыңыз
қанша?8 Дене қызуым
бар/жоқ.7 Дене қызуыңыз
бар ма?10 Салмағым
71 кг.9 Салмағыңыз
қанша?12 Бойым
171 см.11 Бойыңыз
қанша?

9-САБАҚ

4. Сұқбатты рөлге бөліп оқыңыз.

– Сәлеметсіз бе!

– Қайырлы күн!

– Қайда тұрасыз?

– Ермеков көшесі,
27-үйде тұрамын.

– Есепте тұрсыз ба?

– Иә/жоқ.

– Қандай
шағымыңыз бар?

– Тамағым ауырады.

– Қашаннан бері
ауырады?

– Үш күн болды.

– Дене қызуы
бар ма?

– Иә/жоқ.

– Талдауларға
жолдама беремін.

– Жақсы,
сау болыңыз!



51

9-САБАҚ

5. Қажетті сөздерді қойыңыз.

– Қайда тұрасыз?

– Ермеков көшесі, 27-үйде тұрамын.

– _____ тұрсыз ба?

– Иә/жоқ.

– Қандай _____ бар?

– _____ ауырады.

– Қашаннан бері ауырады?

– Үш күн болды.

– _____ бар ма?

– Иә, 37 градус.

– _____ беремін.

– Жақсы, сау болыңыз!

6. Берілген сөз орамдарының көмегімен сұқбаттасыңыз.

Қайда тұрасыз?

Есепте тұрсыз ба?

Дене қызуы бар ма?

Қан қысымыңыз қанша?

Қашаннан бері ауырады?

52